

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының "Есірткі, психотроптық, күшті әсер ететін және улы заттарды заңсыз айналымға түсіру жөніндегі істер бойынша заңдарды қолдану туралы" 1998 жылғы 14 мамырдағы N 3 қаулысына, Пленумның 1999 жылғы 30 сәуірдегі N 2 қаулысымен енгізілген өзгерістермен бірге, өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Қаулысы 2000 жылғы 22 желтоқсан N 19.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің K970167\_ 259, 263 және 265-баптарының редакциясына Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 мамырдағы N 47 -II Z000047\_ Заңымен енгізілген өзгерістерге байланысты, сондай-ақ заңдарды қолданудағы біркелкілікті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Пленумы қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының "Есірткі, психотроптық, күшті әсер ететін және улы заттарды заңсыз айналымға түсіру жөніндегі істер бойынша заңдарды қолдану туралы" 1998 жылғы 14 мамырдағы N 3 қаулысына P98003S\_ Пленумның 1999 жылғы 30 сәуірдегі N 2 P99002S\_ қаулысымен енгізілген өзгерістермен бірге, мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. Қаулының атауындағы және кіріспедегі, 11-тармақтағы, 13-тармақтың

екінші абзацындағы "күшті әсер ететін", "өте күшті әсер ететін" сөздері алынып тасталсын.

2. Қаулының 1 және 5-тармақтары "дайындауға" сөзінен кейін "немесе қайта өңдеуге" сөздерімен толықтырылсын.

3. 11 тармақ "дайындауға қолданылатын" сөздерінен кейін "заттардың," сөзімен толықтырылсын.

4. 7-тармақтың үшінші абзацы және 8-тармақ алынып тасталсын.

5. 14-тармақ мынадай редакцияда берілсін: "Өздерінің қызмет бабы бойынша есірткі, психотроптық және улы заттарға, оларды дайындауға немесе қайта өңдеуге пайдаланатын құрал-жабдықтарға қатысы бар лауазымды және лауазымсыз тұлғалар, сондай-ақ аталғандар оларға қызмет бабы бойынша пайдалануға немесе сақтауға берілген адамдар Қылмыстық кодекстің K970167\_

260-бап екінің бөлігінің в) тармағында, 263-баптың үшінші бөлігінде және 265-бабында көрсетілген қылмыстардың субъектілері болып табылады".

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының Төрағасы  
Пленум хатшысы,  
Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының судьясы  
Мамандар:  
Қасымбеков Б.А.  
Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК